



ТҮРПАТЖ- ҚАЗАЛЫ



№8
(2387)
Сенбі
31 қаңтар
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАСЫ АЯСЫНДА ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында тұрғындарды кездесіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Алғашқы кездесу «Аранды» ауылдық округінде ұйымдастырылып, оған «Өркендеу», «Бірлік», «Бозкөл», «Тасарық», «Қызылқұм» ауылдық округтерінің тұрғындары қатысты. Ал, екінші қабылдау Қазалы қаласында өтіп, кездесуге қала тұрғындарымен қатар Абай және Ақтан батыр ауылдарының азаматтары қатысты.

Кездесуде аудан әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің негізгі тірегі екенін атап өтті. Сондай-ақ, Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес, тұрғындардың өтініш-тілектері мен көтерген мәселелері билік назарынан тыс қалмайтынын жеткізді.

Бүгінде ауданда «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету аясында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын жетілдіру, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз аудан», «Ішімдіксіз ауыл», «Қылмыссыз өңір - кемел болашақ», «Адал бала» сынды іс-шаралар жүзеге асуда.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кездесуде Президентіміздің, аймақ басшысының қолдауымен өңірде өткен жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы кезеңге жоспарланған міндеттерді айтты. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымды жетілдіру және



тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатынын жеткізді.

Кездесуде Мемлекет басшысының Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайға қатысуы өңір үшін маңызды оқиға болғанын атап өтіп, құрылтайда көтерілген бадамалар мен тапсырмалар аудан деңгейінде кезең-кезеңімен іске асырылатынын айтты.

Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық соттың судьясы Мұрат Оспанов, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауда азаматтар тарапынан тұрғын үй кезегі, тұрақты жұмысқа орналасу, көшелерді жөндеу, елді мекендердің электр желілерін қайта жаңғырту, мал ұрлығы, қоғамдық қауіпсіздік, жер дауы, әлеуметтік мәселелер және басқа да бірқатар өзекті сұрақтар көтерілді. Әрбір мәселе бойынша заң аясында нақты жауаптар беріліп, тиісті сала басшыларына заң шеңберінде тапсырмалар жүктелді.

Бүгінгі қабылдауда 50-ге жуық азаматтың өтініші қаралды. Ал, аудан әкіміне 20-дан астам тұрғын сұрақтарын қойды.

Мұндай қабылдаулар – билік пен халық арасындағы ашық диалогты нығайтып, ел ішіндегі өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Аудан әкімімен құқық қорғау органдарының басшыларының кездесулері мен жеке қабылдаулары алдағы уақытта да белгіленген кестеге сәйкес жүзеге аспақ.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі**



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІМЕН БІРГЕ АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕР МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері алдында 2025 жылы атқарылған жұмыстармен алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттері туралы есеп берді.

Әйтеке би кентіндегі Руханият орталығында өткен жиынды аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов ашып, жүргізді.

Есепті кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымды жақсарту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол жөндеу, білім, мәдениет, спорт және әлеуметтік салада жүзеге асырылған жобалар жан-жақты қамтылды.

Аудан әкімі баяндамасында халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытында атқарылған нақты жұмыстарға тоқталып, алдағы уақытта іске асырылатын жоспарлар мен басым бағыттарды атап өтті.

-2025 жылы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ерекше қолдауымен, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының басшылығымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық серпінді дамуы тұрақты түрде қамтамасыз етіліп, елдің игілігіне бағытталған ауқымды жұмыстар атқарылды. Өткен жылдың қазан айында Мемлекет басшысы Сыр өңіріне арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің даму қарқынына, атқарған жұмыстарымызға оң бағасын берген болатын. Ал, осы жылдың 20 қаңтары күні Қызылорда қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен дәстүрлі Ұлттық құрылтайтың бесінші отырысы өтті. Ұлтты ұйыстырып, бірлігімізді бекемдей түсетін алқалы жиынның Сыр елінде өтуі – өткен мен бүгінді сабақтастыратын тағылымды таңдау, аймағымыздың ел

өміріндегі айрықша орны мен беделінің айқын көрінісі. Алқалы жиында Президентіміз Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуға екенін, облыстың жағдайы жалпы жақсы екенін айтты.

2025 жылдың қортындысымен аудандағы барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерде едәуір өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өндірісі – 112,3 % (32 млрд. 863 млн. теңге), өңдеу өнеркәсібі – 112,8 % (28 млрд. 863 млн. теңге), сауда – 101,1 % (16 млрд. 181,8 млн. теңге), ауыл шаруашылығы – 103,6 % (30 млрд. 869,4 млн. теңге), негізгі капиталға тартылған инвестиция – 105,1 % (29 млрд. 681 млн. теңге), құрылыс жұмыстарының көлемі – 145,6 % (20 млрд. 726 млн. теңге), тұрғын үй құрылысы – 105,7 % (67 093 ш.м.) пайызға артты, - деді аудан басшысы.

Кездесуде Қоғамдық кеңес мүшелері пікірлерін білдіріп, бірқатар ұсыныстарын ортаға салды. Сондай-ақ, ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, алдағы міндеттерге табыс тіледі.

Өз кезегінде аудан әкімі алдағы уақытта ел-халықтың сенімінен шығып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыру бағытында кеңес мүшелерімен бірлесе жұмыс атқаратынын айтты. Ал, кеңес мүшелері тарапынан айтылған әрбір ұсынысқа жеке-жеке жауап беріп, көтерілген мәселелердің барлығы кезең-кезеңімен жүзеге асатынын жеткізді.

Айта кетейік, басқосуға қоғамдық кеңес мүшелерінен бөлек, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан әкімінің орынбасарлары, қала, кент және ауылдық округтердің әкімдері мен мекеме басшылары қатысты.

ТУРИЗМДІ ДАМУ МЕН «ҚАЗАҚСТАН БАЛАЛАРЫ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселелер қаралды.

Мәжілісте алдымен аудан басшысы туризмді дамыту – экономиканы өртараптандырудың, жаңа жұмыс орындарын ашудың және өңірдің әлеуетін арттырудың маңызды бағыты екенін атап өтті. Осы ретте аудан аумағындағы республикалық маңыздағы Жанкент археологиялық ескерткішінің туристік мүмкіндігін тиімді пайдалану, қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, туристік маршруттар бойындағы сервистік нысандарды жақсарту, сондай-ақ, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі бойындағы кешендердің стандартқа сай қызмет көрсетуі жөнінде тиісті басшылары нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, Жанкент қалашығының туристік әлеуетін кеңінен танытатын бірыңғай онлайн платформа әзірлеу қажеттігі де айтылды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе: 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру жайында болды.

Аудан әкімі балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зорлық-зомбылықтың алдын алу, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуы ерекше бақылауда болуы тиіс екенін айтты. Бұл бағытта тиісті органдарға ведомствоаралық бірлескен жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Мәжілісте 2025 жылдың қортындысы

бойынша ауданның макроэкономикалық көрсеткіштері де талқыланды. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, инвестиция тарту, тұрғын үй салаларында өсім қалыптасқаны айтылды. Дегенмен, кейбір салалардағы жоспарлардың орындалмауына байланысты аудан әкімі жауапты басшыларға ескерту жасап, ай сайынғы талдау жұмыстарын жүйелі жүргізу жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, жылыту маусымының барысы, қатты отынмен қамтамасыз ету, көпқабатты тұрғын үйлердегі жылу мәселесі, әлеуметтік нысандардың қазандықтарын газға бейімдеу жұмыстары кеңінен айтылды.

Аудан әкімі тұрғындардың өтініш-шағымдарына салғырт қарамауды, жылу беру мен көмір жеткізу мәселелерін толық шешуді қатаң тапсырды.

Өрт қауіпсіздігі де назардан тыс қалған жоқ. Қыста өрттің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік және тұрғын үй нысандарын қайта тексеру, ақпараттық жұмыстарды жандандыру жөнінде тапсырмалар берілді.

Мәжілісте тазалық, түнгі жарықшамдар, елді мекендердің көріктендірілуі де әңгімеленіп, мекемелер мен кәсіпкерлік нысандардың ауласы мен сыртқы келбетіне мән беру қажеттігі айтылды.

Аппарат мәжілісінде берілген тапсырмалардың орындалуы аудан әкімінің орынбасарлары мен жауапты сала басшыларына жүктеліп, аудан басшысы әрбір тапсырманың тиянақты орындалуы қатаң бақылауында болатынын жеткізді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАСЫ АЯСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР МЕН ҚАБЫЛДАУЛАР ЖАЛҒАСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру және «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында аудан әкімі Алмасбек Есмаханов құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге елді мекендердің тұрғындарымен кездесіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдауда.

Келесі кездесулер Бекарыстан би, Жалаңтөс батыр ауылдарында өтті.

Бекарыстан би ауылындағы жиынға «Арықбалық» пен «Алға», «Ақжона» ауылдық округтерінің тұрғындары, Жалаңтөс батыр ауылында өткен кездесуге Басықара, «Құмжиек», Ғ.Мұратбаев ауылдық округтерінің тұрғындары қатысты.

Кездесуде аудан әкімі алдымен өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен өңірде атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып, алдағы уақытта аудан халқының әлауқатын арттыру бағытында жоспарланған жұмыстар жайында тілге тиек етті. Сонымен қатар, Президентіміздің «Заң



мен тәртіп» қағидаты қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің, азаматтардың қауіпсіздігін нығайтудың басты тетігі екенін атап өтті. Соған сәйкес ауданда жүзеге асырылып жатқан «Қауіпсіз аудан», «Ішімдіксіз ауыл», «Қылмыссыз өңір – кемел болашақ» іс-шаралары мен осындай ашық форматтағы кездесулер мен қабылдаулардың маңызы жайында сөз қозғады. Ал, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш алдағы

уақытта да Президент Жолдауларында көрсетілген ашықтық, халықпен тиімді кері байланыс орнату, қоғамдық диалог, азаматтардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мәселелері мемлекеттік органдар қызметінің негізгі басымдықтары саналатынын, мұндай ашық, еркін форматтағы кездесулер, қабылдаулар алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Екі ауылда да тұрғындармен өткен кездесулерден кейін,

аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан прокуроры Мадияр Бекпанов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов елді мекен тұрғындарымен жеке қабылдаулар өткізді. Жеке қабылдауда 55 тұрғынның өтініші қаралса, аудан әкіміне 22 азамат өтінішін жеткізді.

Жеке қабылдауда тұрғындар тарапынан тұрғын үй кезегі, кәсіпкерлік мақсатта 2,5 пайызбен несие алу, ақылы қоғамдық және тұрақты жұмысқа орналасу, көшелерді асфальттау, күрделі жөндеу жүргізу, және басқа да өзекті сұрақтар көтерілді.

Аудан әкімі мен құқық қорғау органдарының басшылары әрбір тұрғынның өтінішін мұқият тыңдап, заң аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кейбір мәселелер бойынша жауаптыларға нақты тапсырмалар беріліп, бақылауға алынды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша тиісті мекемелер арқылы тұрғындарға жан-жақты көмек көрсету жолдары қарастырылатын болды.

АУДАН ӘКІМІ ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІНДЕГІ СПОРТ МЕКТЕПТЕРІ МЕН КЕШЕНДЕРІН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі мен бокс бөлімшесін, Қазалы спорт клубын және «Әмір арена» спорт кешендерін аралап, нысандардың қазіргі жай-күйімен және жұмыс барысымен танысты.

Аудан әкімі нысандарды аралағанда материалдық-техникалық базасы, ғимараттардың жай-күйі мен спорт нысандарын тиімді пайдалануға назар аударды. Бұқаралық спортты дамыту, жасөспірімдер мен жастарды спортқа кеңінен тарту – басты басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

Аудан басшысы аудандық дене тәрбиесі, спорт және



туризм бөлімінің басшысы мен спорт мектептері және кешендерінің директорларына бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда, спорт нысандарының санитарлық-тазалық жағдайын тұрақты

бақылауда ұстап, жаттығу сапасын арттыру, спортшыларды даярлау жүйесін жақсарту, және алдағы жарыстарға дайындықты жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігін қадап айтты.

Сонымен қатар, спорт инфрақұрылымын тиімді пайдалану, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде өткізуді тапсырды. Және берілген тапсырмалардың орындалуы қатаң бақылауында болатынын жеткізді.

Айта кетейік, бүгінде бұқаралық спортты дамыту мақсатында аймақ басшысының қолдауымен «Ауыл - ел бесігі» жобасы аясында Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында 2 спорт кешенінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Ал, жуық арада ғана 3 мыңға жуық халқы бар тіректі елді мекен – Бекарыстан би ауылында жаңа, заманауи спорт кешені пайдалануға берілді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

АУЫЗ СУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ

Ауыз су сапасы – халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Осыған байланысты елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және оның қауіпсіздігін бақылау мақсатында басқарма тарапынан тұрақты түрде мониторинг жүргізіледі.

2025 жылы жүргізілген мониторингте ауыз су көздерінен, су тарату желілерінен және тұтыну нүктелерінен сынамалар алынып, санитариялық-химиялық, микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштер бойынша зертханалық талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері ауыз су сапасының қолданыстағы санитариялық талаптарға сәйкестігін анықтауға бағытталды.

Мониторинг қортындылары бойынша 2025 жылы микробиологиялық зерттеуге берілген 400 су үлгісінің, 3-і нен сәйкессіздік(ЖКБ) анықталса, санитарлық-химиялық зерттеуге берілген 407 су үлгісінің, 10-ынан сәйкессіздік анықталған. (лайлығы, тұстілігі, темір, еркін хлор). Дегенмен, жекелеген аумақтарда су құбырларының тозуынан, тазарту жүйелерінің

жеткіліксіз жұмысынан кейбір көрсеткіштердің шекті деңгейден асу фактілері тіркелді. Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында тиісті мекемелерге ұсыныс хаттар беріліп, су тазарту қондырғыларын жаңғырту, дезинфекциялау жұмыстарын жүргізіп, және су құбырларын кезең-кезеңімен ауыстыру шаралары ұсынылды. Сонымен қатар, мониторинг нәтижелері жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен талқыланып, ауыз су сапасын жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуге ұсыныс берілді.

Қортындылай келе, ауыз су сапасына жүргізілген мониторинг халықты қауіпсіз сумен қамтамасыз етудегі маңызды құрал болып табылады. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы бақылау жұмыстары жалғасып, тұрғындардың денсаулығын сақтау мен өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Гулвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

САЙЛАУ – ДЕМОКРАТИЯНЫҢ НАҚТЫ КӨРІНІСІ!

Халықтың еркін таңдауы – мемлекеттің тұрақты дамуы мен жарқын келешегінің кепілі. Ал, сайлау жүйесінің әділ әрі дұрыс ұйымдастырылуы қоғамның билікке деген сенімін нығайтады. Осы мақсатта Еуропалық сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы 2005 жылдың қыркүйек айында Будапешт қаласында өткен Бас конференциясында жыл сайын ақпан айының алғашқы бейсенбісін кәсіби мереке ретінде атап өтуді ұсынған болатын. Бұл бастаманы Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдап, аталған күн «Дүниежүзілік сайлау күні» болып ресми түрде бекітілді.

Содан бері мереке әлем елдерінде кеңінен аталып өтуде. Қазақстан да аталған қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде бұл бастаманы қуаттады. Еліміз беделді халықаралық ұйымдардың белсенді қатысушысы бола отырып, еркін, әділ және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі халықаралық міндеттемелерді бұлжытпай орындап келеді.

қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңымен реттеледі. Аталған заңға сәйкес Президентті, Парламент Мәжілісі мен мәслихаттардың депутаттарын, сондай-ақ, облыстық, аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдық округтердің әкімдерін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

Сайлау – демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2019 жылдан бастап аумақтық сайлау комиссияларының екі мүшесі, ал 2023 жылдан облыстық сайлау комиссияларының толық құрамы және аудандық сайлау комиссияларының үш мүшесі кәсіби негізде тұрақты жұмыс істей бастады. Бұл өзгерістер сайлау комиссияларының мүшелерінің жауапкершілігін арттырып, сайлау процесінің сапасын жақсартуға ықпал етті.



азаматтардың келуіне жол ашты. Өзін-өзі ұсыну тетігі де ел басқаруға ниетті азаматтарға мүмкіндік беріп отыр.

Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының қаулысына сәйкес комиссия жанынан Жас сайлаушылар клубы құрылды. Клубтың ережесі бекітіліп, құрамы 7 адамнан жасақталды. Оның негізгі мақсаты – жастардың сайлау процесіне деген қызығушылығын арттырып, құқықтық сауаттылығын және азаматтық белсенділігін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Н.М.Әбдіров 2025 жылдың 23 қыркүйегінде Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде Қазалы ауданында болды. Ол іс сапар барысында аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен, жастармен кездесіп, аудан әкімінің сайлауына дайындық барысымен танысты.

Сайлау маңызды

жаңалықтардың бірі – әкімдерді тікелей сайлау. Ауыл, кент және қала әкімдерін сайлаудан басталған бұл үдеріс 2025 жылы 28 қыркүйекте Қазалы ауданында аудан әкімін тікелей сайлаумен жалғасты. Сонымен бірге, Ф. Мұратбаев, «Қарашеңгел», «Арықбалық» ауылдық округтерінде әкім сайлаулары өткізілді. Сайлау науқандары заң талаптарына сай, ашықтық пен жариялылық қағидаларын сақтай отырып ұйымдастырылып, заң бұзушылықтарға жол берілген жоқ.

2026 жылы ауданымызда өкілеттік мерзімі аяқталатын «Өркендеу», «Бозкөл», «Аранды», «Құмжиек» және «Ақжона» ауылдық округтерінде әкім сайлауы өтеді, – деп жоспарланады.

Бүгінде еліміздің сайлау жүйесі демократиялық талаптарға сай жұмыс істеп келеді. Қоғамда әділ әрі ашық сайлау ғана ел болашағын айқындайтыны туралы түсінік қалыптасты. Сайлауға қатысу – өз тағдырына және мемлекет келешегіне бей-

жай қарамаудың айқын көрінісі. Қазіргі таңда сайлаушылардың құқықтарын қорғау мен дауыс беру мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылууда.

Биыл Қызылорда қаласында өткен V Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламенттік реформа аясында бірқатар маңызды ұсыныстарын ортаға салып. Жаңа бір палаталы Парламентке «Құрылтай» атауын беру жөнінде бастама көтерді. Депутаттардың саны емес, сапасы маңызды екенін баса атап өтті. Ұсыныстар нәтижесінде Парламенттегі мандаттар саны 145 болуы тиіс деген шешім қабылданды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Парламенттің құрылымына қатысты комитеттер саны 8-ден аспауы керектігін және Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы болмайтынын мәлімдеді. Депутаттар бес жыл мерзімге пропорционалды жүйе негізінде сайланатын болады.

Президент заң шығару процесін жетілдіру мақсатында заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын жаңа тәртібін ұсынды. Бұл өзгерістер «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген тұрақты саяси жүйе қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

Сайлау жүйесінде еңбек етіп жүрген әрбір азаматтың басты мақсаты – елдің тыныштығы мен халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы орайда барша сайлау саласының қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекесі – Дүниежүзілік сайлау күнімен құттықтай отырып, елімізге бейбітшілік пен тұрақтылық тілейміз.

Нұрлан АМАНБАЙ,
Қазалы ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Дүниежүзілік
сайлау күні

5 ақпан
2026

Қазақстан Республикасында сайлау және сайлану құқығы 1995 жылғы қыркүйекте

Сонымен қатар, аралас сайлау жүйесінің енгізілуі өкілді органдарға әртүрлі көзқарастағы

Сайлау маңызды

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11507 дана.